

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 30 шілдедегі № 570 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабы 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр полиция генерал-лейтенанты

Е. Саденов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2025 жылғы 30 шілдедегі
№ 570 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында тамақтандырудың, азық-түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық-ас үйлік ыдыспен және азық-түлік қызметінің техникасымен жабдықтаудың бейбіт уақытқа арналған заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 420 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 550 бұйрығы.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери бөлімдері мен әскери оқу орындарын жеке броньды қорғау, белсенді қорғаныс, арнайы операцияларды

қамтамасыз ету, инженерлік қару-жарақ құралдарымен, күзеттің техникалық құралдарымен, жарылғыш заттармен және жару құралдарымен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 1 тамыздағы № 669 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы № 680 бұйрығы.

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын қызметтік жануарлармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 404 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 933 бұйрығы.

4. "Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери бөлімдерін және Әскери институтын медициналық мүлікпен қамтамасыз етудің бейбіт уақытқа арналған заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 қаңтардағы № 54 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2022 жылғы 12 желтоқсандағы № 958 бұйрығы.

5. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын топографиялық карталармен және геодезиялық пункттердің координаталары каталогтарымен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 17 шілдедегі № 524 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 24 қаңтардағы № 42 бұйрығы.

6. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында жанар және жағармай материалдары қызметінің табельдік техникалық құралдарымен және мүлкімен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 421 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 904 бұйрығы.